



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



## **СУЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ**

«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯ

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

## **СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ**

## **МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ  
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ»



УДК 378 (094)  
ББК 74.58  
Қ 22

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; / Председатель Правления – Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, доктор географических наук, член Академии Педагогических Наук Казахстана;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / проректор по исследованиям, инновациям и цифровизации Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор;

**Хуснутдинова Ляйля Гельсовна**, тарих ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу политехникалық университеті» Федералды мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесінің доценті, Ресей / кандидат исторических наук, доцент Федерального государственного образовательного учреждения высшего образования «Московский политехнический университет», Россия;

**Сухов Михаил Васильевич**, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ООМУ) доценті, Челябині, Ресей/кандидат технических наук, доцент Южно-Уральского государственного университета (ЮУрГУ), г. Челябинск, Россия;

**Радченко Татьяна Александровна**, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі / магистр естественных наук, заведующая кафедрой «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Алимбаев Алибек Алпысбаевич**, PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а. / доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Телегина Оксана Станиславовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы / старший преподаватель кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Шумейко Татьяна Степановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының м.а. / кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

Қ 22

«Қазіргі білім беруді дамытудың өзекті мәселелері»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2023» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2023 жылдың 15 наурызы. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 427 б.

«Актуальные вопросы развития современного образования»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2023», 15 марта 2023 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 427 с.

ISBN 978-601-356-257-5

«Сұлтанғазин оқулары-2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының «Заманауи білім беруді дамытудың өзекті мәселелері» жинағында жаратылыстану-ғылыми білім берудің мәселелері мен болашағына арналған ғылыми мақалалар жинақталған, жалпы және кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған, педагогикалық білім берудің ақпараттандыру және дамытудың қазіргі тенденциялары мен технологиялары мәселелері қозғалады.

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В сборнике Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения-2023» «Актуальные вопросы развития современного образования»: представлены научные статьи по проблемам и перспективам естественно-научного образования, рассматриваются психолого-педагогические аспекты общего и профессионального образования, затронуты вопросы информатизации и современных тенденций и технологий развития педагогического образования.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-257-5



9|786013|562575|

УДК 378 (094)  
ББК 74.58

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Кадырова Айгуль Еркиновна, магистр, оқытушы, М.Х.Дулати атындағы тараз өңірлік университеті, Тараз қ. Қазақстан*

*Кадырова Асель Еркиновна, мұғалім "Жамбыл облысы әкімдіктің Білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің №20 орта мектеп "КММ, Тараз қ., Қазақстан*

**Аңдатпа**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінезқұлық қағидаларын қалыптастыру.

**Түйінді сөздер:** педагог, когнитивтік дағды, тәрбиелеу-білім беру процесі, физикалық, коммуникативтік, танымдық дағды.

**Аннотация**

Формирование правил безопасного поведения, приобщение детей к национальным ценностям казахского народа, семейным ценностям, патриотическим чувствам, любви к Родине, культурно-социальным нормам с учетом содержания типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения, в том числе направления работы дошкольной организации.

**Ключевые слова:** педагог, познавательные навыки, воспитательно-образовательный процесс, физические, коммуникативные, познавательные навыки

**Abstract**

Formation of rules of safe behavior, familiarization of children with the national values of the Kazakh people, family values, patriotic feelings, love for the Motherland, cultural and social norms, taking into account the content of the standard curriculum of preschool education and training, including the direction of work of the preschool organization.

**Keywords:** teacher, cognitive skills, educational process, physical, communicative, cognitive skills

«Жас бала – жас шыбық, жас күйінде қай түрде иіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінді қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десең, сындырып аласың», - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай заманға лайық тәрбие мен білім беру ісі қазіргі заманның айғағы. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне мектепке дейінгі тәрбиенің тигізер әсерінің маңызы зор [1].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді. Осы аталған Моделдің басты міндеттерінің бірі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау.

Оқу міндеті қандай да болмасын бір жаңалыққа үйрену пайда болғанда ғана қалыптасады. оқу міндетінің бөлінуі 6-7жаста қалыптасады, осыған байланысты балалар үлкендер нұсқауын зейін қоя тындайды, орындайды, өзін-өзі бақылауы пайда болады. Оқу әрекеті бала психикасына, оның қабылдау, зейін, ес, ойлау үрдістерінің басқарылуына талаптар ойып, тиісті психологиялық қасиеттердің қалыптасуына алып келеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген. Әдістемелік нұсқаулықта төмендегідей бағыттар қамтылған:

- ✓ әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- ✓ балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

✓ баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылатын болады [2].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінезқұлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға
- бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады [3].

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады. Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру [4].

Бұл жерде тәрбиешінің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау. Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады. Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі [5].

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі. Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылады.

Туылғаннан 5 жасқа дейінгі берілген тәрбие-дүниетану тәрбиесі және адамгершілік әліппесін үйретуге ықпалын тигізетін алғашқы қимыл әрекеті-ойын. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы.

Жаңа технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани азаматтық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыра білу қажет. Қазіргі заман талабына сай әр тәрбиеші өзіне мынадай әдістемелік талаптар қоя білуі шарт:

- педагогикалық және психологиялық деңгейін көрсету;
- оқыту мен тәрбиелеудің ең соңғы жаңа педагогикалық технологияларын зерттеп меңгеру және оны өзінің кәсіптік жұмысында қолдана білу;
- өз білімін көтеру;
- балалар табыстары мониторингісін жасау және диагностика қоюдың қазіргі тәсілдерін меңгеру;

Ойындар жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Ойын оларға сабақта да, серуенде де қажет. Қимылды ойындар баланың барлық жас кезеңінде өтеді. Балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, сабаққа деген ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы зор.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

1. Заттық дидактикалық ойындар - ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар:

3. Сөздік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойын балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойнай білуге баулып, ақыл-ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Дидактикалық ойынның ережелері балалардан ұстамдылықты, тәртіптілікті қажет етеді. Сонымен қатар, дидактикалық ойлау қабілеттерін, ізденімпаздығын арттырады, сөздік қорларын молайтуға көмектеседі [6].

Қорыта айтқанда, балабақшада өткізілетін іс- әрекеттердің барлығы дерлік еліміздің ертеңгі болашағы-жас ұрпақтың тәрбиесіне, өсіп-жетілуіне, Отанын сүйе білетіндей азамат болып қалыптасуына айтарлықтай негіз қалап, үлес қосып келеді. Жоғарыда талдап көрсетілген мәліметтер қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беру жүйесінің даму және жаңару үстінде екенін айдан анық көрсетіп отыр. Тәрбиешілер үнемі өзін-өзі бағалау процесінде инновацияшыл және жауапты бола алады, сонымен қатар белгіленген құжаттаманы уақтылы және ұқыпты жүргізеді.

Балаларды тәрбиелеу және оқыту процесінде мектепке дейінгі ұйымның әрбір қызметкерінің рөлі маңызды, сондықтан ұйымның әр қызметкері қажетті біліктілік деңгейіне ие болуы тиіс. Қазақстан Республикасындағы балабақшалардың білім беру жүйесінің дамып жатқандығын көрсете отырып, осы аталған жүйенің тек айтылып қана қоймай, сонымен қатар практикалық түрде жүзеге асырылып жатыр.

Кез- келген педагогикалық ұжым, кез- келген педагог инновациялық іс-әрекетті ұйымдастыруға құқылы. Бірақ жаңашылдықты дайындау және ұйымдастыру барысында өзіне нақты міндет алуы тиіс, өйткені кез келген педагогикалық бастаманың нысаны бала екенін ұмытпаған жөн.

Білім берудің бір- неше жолдарына келеек олар бір-біріне өте қарама-қайшы болса да жиі кездеседі Тәрбиешінің нені бірінші жоспарға, нені екінші жоспарға қолданатына байланысты, өте әсерлі білім беру болып бағытталған жеке стильде туындайды, бірақ барлығы тәрбиешінің қойған мақсаттарына байланысты. Қазіргі заманға сай білім беру мәселелері шешіле ме? әлде шешілмейді ме? Ол біздерге байланысты. Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ. Қазіргі балабақша жағындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық- педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог, зерттеуші, ойшыл тәрбиеші болуын қажет етеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абылкасымова А.Е. Школьное образование Республики Казахстан: опыт и необходимость реформирования // 12-летнее образование. 2004. № 2-3. С.4-6.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 2005.

3. Халилаева Э.Ж. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қазіргі жағдайы.// РФПК материалдары. Ақтөбе, 2009.
4. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа онжылдық. Жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері // Егемен Қазақстан, А., 2010.
5. Мектепке дейінгі білім. Терминдер сөздігі құрастырған Виноградова Н.А т.б. Айрис пресс, 2005.
6. Отбасының «Сапалы уақыты» - мектепке дейінгі тәрбие:айлық ғылыми-әдістемелік журнал № 2009.

УДК 377.8

## КӘСІБИ ПЕДАГОГТИҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУ ПСИХОЛОГИЯСЫ

*Масалимова Дидар Маулиевна, педагогика ғылымдарының магистрі, «№4 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және география пәнінің мұғалімі, Семей қаласы Абай облысы, Қазақстан*

*Мамбетова Мархабат Сериковна, филология ғылымдарының магистрі, «№4 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-ның, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Семей қаласы Абай облысы, Қазақстан*

### Аңдатпа

Педагог кәсібі адамның нақты мүмкін болатын психикалық әлеуетінен асатын стресстік жағдайларға әкелетін қызмет түрлерінің біріне жатады. Мұғалімдердің жеке басының психологиялық әл-ауқаты мәселесі бүгінгі күні өзекті болып табылады. Мұғалімнің жеке басының психологиялық саулығы бұрын жеке категория ретінде зерттелмеген. Сол себепті өзіміз жұмыс жасайтын жалпы орта білім беретін мектепте кәсіби педагогтардың жеке басының психологиялық ерекшеліктері зерттеліп, сонымен қоса ұсыныстар беріліп, тұжырымдама жасалынды.

**Түйінді сөздер:** психологиялық әл-ауқат, мұғалімнің жеке басы, кәсіби мұғалімдер

### Аннотация

Профессия педагога является одной из тех специальностей, которая подтверждена разного рода стрессам, которые влияют на его психологическое состояние учителей является на сегодняшний день актуальной проблемой. Раньше не было никаких исследований в области личного психологического здоровья учителя. Исхода из этих причин, мы выявили и исследовали психологические особенности наших педагогов. Были разработаны рекомендации и сделано заключение по работе со стрессами и укреплению психологического здоровья педагогов.

**Ключевые слова:** психологическое благополучие, личность учителя, профессиональные педагоги

### Abstract

The profession of a teacher refers to one of the types of activities that lead to stressful situations that exceed the real possible mental potential of a person. The problem of psychological well-being of the personality of teachers is relevant today. The psychological well-being of the teacher's personality has not been studied as a separate category before. Therefore, in the secondary school where we work, the psychological characteristics of the personality of professional teachers are studied, as well as recommendations are given and a concept is developed.

**Keywords:** psychological well-being, teacher's personality, professional teachers

Елімізде болып жатқан әр түрлі бағыттағы өзгерістер егеменді еліміз жаңа ХХІ ғасырдың табалдырығын аттап, білім беру жүйесін дамытуда біршама табыстарға қол жеткізуде. Жаңа ғасыр бәсеке ғасыры болғандықтан, әсіресе болашағымыз ұрпақ тәрбиесімен айналысатын болашақ маманның педагогикалық-психологиялық даму ерекшеліктерін қалыптастыру қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болмақ.

Педагог кәсібі адамның нақты мүмкін болатын психикалық әлеуетінен асатын стресстік жағдайларға әкелетін қызмет түрлерінің біріне жатады. Шиеленіс дәрежесі бойынша мұғалімдерде үнемі болып тұратын стресс басқа кәсіп өкілдеріне қарағанда көбірек. Сонымен қатар, олар тек ұзақ емес, сонымен қатар мұғалімдерге де, балаларға да қауіп төндіреді. Мұғалімнің физикалық және психикалық әл-ауқаты оқушылардың денсаулығының қажетті шарты болып табылады. Мұғалім мамандығының өзі тұлғааралық қарым-қатынастың қарқындылығымен және оларға жоғары эмоционалды қатысумен байланысты. Сондықтан мұғалімдердің жеке басының психологиялық әл-ауқаты мәселесі бүгінгі күні өзекті болып табылады. Мұғалімнің жеке басының психологиялық саулығы бұрын жеке категория ретінде зерттелмеген.